

Шектеу іс-шараларын немесе карантин аймағының ветеринариялық режимін тоқтау туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы Есеболатов ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 2-Ш шешімі

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" заңының 10-1 бабының 8 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 37-бабының 8 тармағына сәйкес және Ақсу аудандық инспекцияның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы № 244 ұсыныс негізінде, округ әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Есеболатов ауылдық округінің Есеболатов елді мекенінде ұсақ мүйізді малдар арасында шыққан сарып ауруларының ошақтарының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары немесе карантин аймағының ветеринариялық режимі тоқтатылсын.

2. Есеболатов ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 01 "Шектеу іс-шараларын немесе карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" Алматы облысы әділет департаментіне тіреку тізіліміне 2014 жылдың 22 шілдедегі № 2777 нөмерімен енгізілген, Ақсу аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2014 жылғы 16 тамыздағы № 36 нөмеріне жарияланған шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өз құзырыма қалдырамын.

Округ әкімі

Ж. Тулепберген